



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

БАСТАУЫШ МЕКТЕП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Каузова Асылтас Тулегеновна,
*Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
магистранты*

*Ғылыми жетекшіі: Ишанов
Пірмағамбет Зулхарұлы*
ishanov65@mail.ru

Аннотация: Ұсынылып отырған мақала мазмұнында бастауыш мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығы мәселесі қарастырылып олардың функционалдық біліктері бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасады деген тұжырым жасалған және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мұғалімдерге арнайы белсенді, дамытушы білім беру технологияларын қолдану қажеттілігі негізделген.

Түйінді сөздер: Бастауыш мектеп, білім алушы, оқушы, оқытушы, оқу-тәрбие үдерісі, сауаттылық, функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, қалыптастыру, құзыреттілік.

Заманауи ғылым мен технологияның қарқынды дамуының білімге қойылатын талаптар өсуде, олардың ауқымы кеңеюде, жаңа сапалық белгілер анықталуда. Осындай жағдайда адамның функционалды сауаттылығы оның макро мен микро орта жағдайларына бейімделу қабілетінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Сондықтан да, елімізде замануи әлемдік білім кеңістігінде оқыту үдерісінің нәтижелеріне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылатын оқушылардың білім деңгейіне қойылатын халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес, оқушы білімінің басты нәтижесі олардың қалыптасатын құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын енгізуге негіз болды [1].

Жағандану жағдайында дамыған елдер қатарына ену үшін маңызды осы мәселені шешу жағдайында тұлғаның шығармашылықпен ойлауы мен мәселелерді жаңаша шешім табу қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы ізденіп білім алуға дайындығы, яғни бүгінгі жағандану заманының ағымына сай болу – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Осылайша білім алушылардың аталған функционалдық біліктер бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасады.



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Аталмыш мәселе бойынша, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Орта білім беру мазмұнын одан әрі жетілдіру тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздерді айқындау арқылы жүзеге асырылатын болады. Білім берудің заманауи моделін құрудың ғылыми-теориялық негізі гуманистік парадигманың тұжырымдамалық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған тұлғалық-белсенділік және құзыреттілік тәсілдер болып табылады. Елде білім беру мазмұнындағы құзыреттілік тәсілді іске асыру маңызды, өйткені TIMSS, PISA халықаралық зерттеулерінде білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтайтын көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмен. Құзыреттілік тәсілі іс-әрекетке деген көзқарастың негізгі тұжырымдамасын қамтиды – «іс-әрекет арқылы оқыту» және оны білім алушы игерілген білімді іс жүзінде қолдана білуі керек деген талаппен күшейтеді» делінген [2].

Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдастары адамның қазіргі қоғамда әрекет ету, белгілі бір білімді, іскерлікті және құзыреттілікті пайдалана отырып, әртүрлі міндеттерді шешу қабілеті болып табылады. Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуын бағалау нақты өмірдің әртүрлі жағдайларында көрсете алатын оқушылардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының белгілі бір стратегияларын бағалау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөлігі ретінде: математика, оқу, жаратылыстану, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер және креативті ойлау болып бөлінеді. Әр компоненттің негізгі сипаттамасы - әр түрлі мәселелерді шеше отырып, сыртқы әлеммен әрекет ету және өзара әрекеттесу мүмкіндігі.

Қазақстанда кейінгі жылдары функционалдық сауаттылыққа байланысты ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде, атап айтқанда, А.Ж. Мұрзалинованың еңбегінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы орта мектепте орыс тілі, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қарастырылған, А.К. Рауадина оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін зерттеген, Ж.Ж. Ордабаеваның еңбегінде физиканы оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі зерделенген А.М. Имашев болашақ дене шынықтыру мұғалімінің функционалдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеген.



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

«Сауаттылық» терминін «білім және іс-әрекет» мәселесінің мағыналық контекстінен тыс қолдану мүмкін емес. Осыған сүйене отырып, білім беру теориясында сауаттылық:

1) тар мағынада - адамның әртүрлі еңбек сапасымен және оған қажетті кәсіби білім мен дағдылардың әртүрлі жиынтығымен жұмыс орнын алу қабілеті ретінде;

2) кең, атап айтқанда әлеуметтік-философиялық мағынада - табиғи немесе жасанды тілдердің белгілік жүйесін белсенді меңгеруде, сондай-ақ осы жүйені айналадағы шындықты тану және практикалық іс-әрекет барысында туындайтын проблемаларды шешу мақсатында пайдалану қабілетінде көрініс тапқан жүйелендірілген оқу іс-әрекетінің нәтижесі ретінде анықталады [3].

Бұл анықтаманы іргелі деп санауға болады, өйткені ол сауаттылықтың барлық түрлерінің, соның ішінде бірқатар функционалдық белгілерін қамтиды. Іс-әрекет түрлері негізінде сауаттылықтың келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- технологиялық, кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді тиімді шешу қабілеті;

- экономикалық, оның ішінде экономикалық іс-әрекеттің теориялық негіздерін білу;

- азаматтық, өз құқықтары мен міндеттерін білу және түсіну;

- саяси, биліктің әлеуметтік табиғатын түсінуді, ортақ істерді жүргізуді және қоғамдық мүдделерді қорғауды талап ететін дағдылар;

- әлеуметтік-коммуникативтік, вербалды және вербалды емес қарымқатынаста басқаларды түсіну қабілеті;


- жалпы мәдени, жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар салаларынан білім аумақтарының жинағы;

- мінез-құлық: білімділік, түсіну және адамгершілік нормаларын, этикет ережелерін сақтау;

- әдіснамалық [4].

Осылардың негізінде оқу сауаттылығы - адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау, өз мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін олардың мазмұнын пайдалану қабілеті [5]

Бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін зерттеу барысында, біз білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

қабілеті жеткіліксіз дамығанын көрсетеді, сондықтан қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында функционалдық сауаттылық ерекше алаңдаушылық тудырады. Функционалдық сауаттылық туралы түсінікте әрекеттік сауаттылық, яғни өз қызметінің мақсаттары мен міндеттерін қою және өзгерту, қарым-қатынасты жүзеге асыру және белгісіздік жағдайында қарапайым қызмет түрлерін іске асыру қабілеті ерекше орын алатындығы анықталды. Осы мәселені оңтайлы шешуде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі негізгі фактор болып есептеледі.

Біздің негіздеуіміз бойынша қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін мұғалімдерге арнайы белсенді, дамытушы білім беру технологияларын қолдану қажет:

- ұйымдастырушылық, зияткерлік және басқа да дағдыларды, оның ішінде оқу-жаттығу қызметін өз бетінше жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа білімді игерудің проблемалық-диалогтық технологиясы;


- маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын дұрыс оқу іс-әрекетінің түрін қалыптастыру технологиясы;

- ұйымдастырушылық, зияткерлік, коммуникативтік және бағалау біліктерін қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін жобалау қызметінің технологиясы;

- оқытудың деңгейлік саралануы, оны қолдану мұғалімнің оқушылармен өзара әрекеттесу стиліне белгілі бір өзгерістер енгізеді мұғалімнің басты міндеті – балаға өз шешімін қабылдауға және орындауға көмектесу;

- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, оларды қолдану салыстыру және жалпылау, талдау және синтездеу сияқты маңызды зияткерлік дағдылардың негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар заманаум мектепте бастауыш сынып мұғалімі білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру үшін сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да ерекше білім беру ортасын құру қажет деп есептейміз, себебі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тиімділігі артып, оқушылардың пәндер бойынша білім сапасын жоғарлайды деуге болады.



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Авдарсоль С. Информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация. – Алматы, 2022.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. - Астана, 2023.
3. Краткий философский словарь //под ред. А.П. Алексеева. – М.: Проспект, 1997. – 400 с.
4. Literacy, Economy and Society. Results of the first International Adult Literacy Survey. OECD. Paris, 1995. - 199p.
5. Алексашина И.Ю., Абдулаева О.А., Киселев Ю.П. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся. – СПб., 2019. – 160 с.